Ломбард Auto money (Авто мани)» ЖШС Директорының «03» мамыр 2022 жылғы №52 бұйрығымен бекітілген	**Утверждено Приказом Директора ТОО «Ломбард Auto money (Авто мани)» № 52 от «03» мая 2022 года**
Автокөлік құралының кепіл шартының Стандартты талаптары (қосылу шарты) «Ломбард Auto money (Авто мани)» ЖШС-нің auto-money.kz сайтында жарияланған. Автокөлік құралының кепіл шартының осы Стандартты талаптары (бұдан әрі - Қосылу шарты) «Ломбард Auto money (Авто мани)» ЖШС-мен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен микрокредит беру кезінде **автокөлік құралының кепіл** шартын жасасу кезінде қолдану үшін әзірленді, және Автокөлік құралының кепіл шартының (бұдан әрі - Шарт) Стандартты талаптарын айқындайды. Қосылу шарты Кепіл беруші/Қарыз алушы (бұдан әрі-Кепіл беруші) мен Ломбард (бұдан әрі - Тараптар) арасындағы қатынастарды реттейді, Шарттың талаптары стандартты нысанда айқындалған. Кепіл беруші Шартқа осы Шартқа 1 Қосымшаның нысаны бойынша кепіл шартының жеке талаптарын қамтитын қосылу туралы Өтінішке өз қолтаңбасын қою арқылы қосылады. Бұл ретте Қосылу туралы өтініш пен Шарт біртұтас құжат ретінде ғана қарастырылады. Кепіл берушінің қолтаңбасы Кепіл берушінің, Шартқа қосымшаларды қоса алғанда, оған Ломбардпен ұсынылған Шарттың талаптарымен танысқанын білдіреді, және оларды auto-money.kz электрондық мекенжай бойынша орналастырылған тұтастай Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдайды. Ломбард Кепіл берушінің Кепіл берушімен қол қойылған Өтінішін қабылдаған күннен бастап Шарт жасалды деп есептеледі және күшіне енеді. Осы Шарт Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және Ломбард пен Кепіл беруші арасындағы, осы Шартта көзделген өзге де құқықтық қатынастарды белгілейді.	**Стандартные условия Договора залога автотранспортного средства (Договор присоединения) Опубликованы на сайте ТОО «Ломбард Auto money (Авто мани)» auto-money.kz.** Настоящие стандартные условия Договор залога автотранспортного средства (далее - Договор присоединения) разработаны ТОО «Ломбард Auto money (Авто мани)» для применения при заключении договора **залога автотранспортного средства** при предоставлении микрокредита в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, и определяют стандартные условия Договора о залога автортранспортного средства (далее-Договор). Договор присоединения регулирует отношения между Залогодателем/Заемщиком (далее-Залогодатель) и Ломбардом (далее Стороны), условия Договора определены в стандартной форме. Залогодатель присоединяется к Договору путем проставления своей подписи в Заявлении о присоединении, содержащем индивидуальные условия договора залога по форме Приложения 1 к настоящему Договору. При этом Заявление о присоединении и Договор рассматриваются только в качестве единого документа. Подпись Залогодателя означает, что Залогодатель ознакомлен с условиями предложенного ему Ломбардом Договора, включая приложения к Договору, и принимает их не иначе как путем присоединения к Договору, размещенному по электронному адресу: auto-money.kz, в целом. Договор считается заключенным и вступает в силу со дня приема Ломбардом Заявления Залогодателя, подписанного Залогодателем. Настоящий Договор устанавливает права, обязанности, ответственность Сторон и иные правоотношения между Ломбардом и Залогодателем, предусмотренные в настоящем Договоре.
1. Терминдер және анықтамалар.	**1. Термины и определения.**
1.1. Аталған Шартта келесі терминдер және анықтамалар қолданылады:	1.1. В настоящем Договоре используются следующие термины и определения:
Кепіл ұстаушы - «Ломбард Auto money (Авто мани)» ЖШС, БСН 180840014955,	**Залогодержатель** – ТОО «Ломбард Auto money (Авто мани)», БИН 180840014955,
Кепіл беруші – Қазақстан Республикасының азаматы/азаматшасы (Мырза/Ханым)	**Залогодатель** - . Гражданин Республики Казахстан (Господин/Госпожа)
Тараптар – Кепіл ұстаушы және Кепіл беруші бірлесе.	Стороны – Залогодержатель и Залогодатель совместно.
Микрокредит – Қарыз беруші Қарыз алушыға мерзімділік, қайтарымдылық және ақылылық талаптары негізінде беретін ақша қаражаттары.	**Микрокредит** – денежные средства, передаваемые Займодателем Заемщику на условиях срочности, возвратности и платности.
Кепілзат - Кепіл беруші Микрокредит келісімі бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Кепіл берушінің кепілге салынған мүлік – кепілге салынатын зат құнының қанағаттануын қанағаттандыруға құқығы бар Кепіл берушінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету тәсілі.	**Залог** - способ обеспечения исполнения обязательств Залогодателя, в силу которого Займодатель имеет право в случае неисполнения Заёмщиком обязательств по Микрокредитному договору получить удовлетворение из стоимости заложенного имущества-предмета залога.
Кепілге салынатын зат – сипаттамалары қосылу туралы өтініште көрсетілген автомобиль, кепіл шартының жеке талаптары.	**Предмет залога** – автомобиль с характеристиками, указанными в заявлении о присоединении, индивидуальные условия договора залога.
1. ШАРТТЫҢ МӘНІ	**1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА**
1.1. Осы Шарттың тәртібінде және талаптарында Кепіл беруші Кепіл берушіге меншік құқығында тиесілі Кепіл затын Кепіл берушінің Микрокредиттік шарт бойынша Кепіл ұстаушының алдындағы міндеттемелерін	1.1. В порядке и на условиях настоящего Договора Залогодатель передает, а Залогодержатель принимает в Залог Предмет залога, принадлежащее Залогодателю на праве собственности, в обеспечение исполнения

орындауын қамтамасыз ету үшін табыстайды, ал Кепіл ұстаушы кепілге қабылдайды, оған сәйкес Кепіл ұстаушы Кепіл берушіге Микрокредит берді.		Залогодателем обязательств перед Залогодержателем по Микрокредитному договору, в соответствии с которым Залогодержатель предоставил Залогодателю Микрокредит .
1.2. Кепіл беруші осымен Микрокредит шартының талаптарымен таныс екендігін, сонымен қатар Микрокредит шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мөлшері мен кезеңділігінің міндеттемелерді мерзімінен ерте ішінара орындаған жағдайда өзгертіле алатындығын және/немесе Микрокредит шартының басқа да талаптарының өзгертіле алатындығын растайды.		1.2. Залогодатель настоящим подтверждает, что ознакомлен с условиями Микрокредитного договора, а также с тем, что размер и периодичность исполнения обязательств по Микрокредитному договору могут быть изменены в случаях частичного досрочного исполнения обязательств и/или изменения иных условий Микрокредитного договора.
2. КЕПІЛ ЗАТ МӘНІ		**2. ПРЕДМЕТ ЗАЛОГА**
2.1. Кепіл беруші Микрокредит шарты бойынша Міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға Кепілдікке Кепіл затын ұсынады.		2.1. В обеспечение исполнения Залогодателем Обязательств по Микрокредитному договору Залогодатель предоставляет Залогодержателю в Залог Предмет залога.
2.2. Кепіл берушінің Кепіл затқа жеке меншік құқығы қосылу туралы өтініште (жеке талаптар) көрсетілген құжатпен расталады:		2.2. Право собственности Залогодателя на Предмет залога подтверждается документом, указанном в заявлении о присоединении (индивидуальные условия)
2.2.1. Тараптар Кепіл затының нарықтық (кепілдік) құнының Тараптармен анықталатынымен және шарттың жеке талаптарын мазмұндайтын Қосылу туралы өтініште көрсетілетінімен келісті.		2.2.1. Стороны согласились, что рыночная (залоговая) стоимость Предмета залога, определяется Сторонами и указана в Заявлении о присоединении, содержащем индивидуальные условия договора
2.3. Осы Шарт және Кепіл ұстаушының Кепіл затқа кепілдік құқығы ҚР заңнамасына сәйкес міндетті мемлекеттік тіркелуге жатады. Осы Шартты және мемлекеттік тіркелуге жатқызылатын барлық келесі қосымша келісімдерін тіркеу жөніндегі; кепілдік құқығын тіркеу жөніндегі шығындарды Кепіл беруші көтереді.		2.3. Настоящий Договор и право залога Залогодержателя на Предмет залога подлежит обязательной государственной регистрации в соответствии с законодательством РК. Расходы по регистрации настоящего Договора и всех последующих дополнительных соглашений к нему, подлежащих государственных регистрации; по регистрации права залога несет Залогодатель.
2.4. Тараптар, Кепіл заты сатылған жағдайда, Кепіл ұстаушы Сенім білдірілген тұлғаны тағайындайтындығын, ол тәуелсіз бағалаушымен жүргізілген қайта бағалаудың негізінде Кепіл затының ағымдағы нарықтық құнын белгілейтінін растайды. Тәуелсіз бағалаушы қызметтерінің ақысын Кепіл беруші төлейді.		2.4. Стороны подтверждают, что в случае реализации Предмета залога, Залогодержатель назначает Доверенное лицо, которое устанавливает рыночную стоимость Предмета залога на основании переоценки, произведенной независимым оценщиком. Оплату услуг независимого оценщика производит Залогодатель.
2.5. Кепіл зат Кепіл берушінің иелігінде және пайдалануында қалады, ол Кепіл затқа иелік етуге, оның ішінде сатуға құқылы емес, оның ішінде Микрокредит шарты бойынша Кепіл беруші міндеттемелерін толық орындағанға дейін, Кепіл ұстаушының алдын-ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға сатуға, сыйлауға, ауыстыруға, жедел басқаруға беруге, кейін кепілдікке беруге, шаруашылықта жүргізуге, жалға беруге және т.с.с. құқығы жоқ. Кепіл беруші осы талаптарды орындамаған жағдайда, Кепіл ұстаушы Кепіл берушіден Микрокредит шарты бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы, ал осы талап Кепіл ұстаушы белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда, Кепіл затқа ақы өндіріп алуға құқылы.		2.5. Предмет Залога остается во владении и пользовании Залогодателя, который не вправе распоряжаться Предметом Залога, в том числе продавать дарить, менять, передавать в оперативное управление, в последующий залог, хозяйственное ведение, аренду и т.п. третьим лицам без предварительного письменного согласия Залогодержателя, до полного исполнения Залогодателем обязательств по Микрокредитному договору. В случае неисполнения Залогодателем данного требования, Залогодержатель вправе потребовать от Залогодателя досрочного исполнения обязательств по Микрокредитному договору, а при неисполнении данного требования в указанный Залогодержателем срок, обратить взыскание на Предмет залога.
2.6. Негізгі міндеттемені толық көлемде немесе бөлігін өтеудің мерзімдері мен көлемдері Микрокредит шартымен және Микрокредитті өтеу Кестесіне сәйкес анықталады.		2.6. Сроки и размеры погашения основного обязательства в полном объеме либо в части определяются в соответствии с Микрокредитным договором и Графиками погашения Микрокредита.
2.7. Кепіл зат Кепіл ұстаушының талаптарын нақты қанағаттандырылатын кезеңде бар көлемде қамтамасыз етеді, оған негізгі қарызды және Микрокредит келісімі бойынша сыйақыны төлеу, комиссияны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды), шығындарды, залалдарды, шығыстарды, зияндарды төлеу және төлемдер (оның ішінде кепілге салынған мүлікті ұстау бойынша шығындар, Кепіл заттан ақы өндіріп алудан пайда болған сот шығындарын және басқа шығындарды өтеу, оған қоса тіркеуші органдарда құжаттарды рәсімдеу бойынша шығындарды, үшінші тұлғаларға комиссияларды және Кепіл ұстаушының басқа шығындары мен шығыстарын төлеуді қоса отырып),		2.7. Предмет залога обеспечивает требование Залогодержателя в том объеме, какой оно имеет к моменту фактического удовлетворения, включая оплату основного долга, и вознаграждения по Микрокредитному договору, уплате комиссий, неустоек (штрафов, пени), затрат, ущерба, расходов, издержек, убытков и платежей (в том числе по содержанию заложенного имущества, возмещение судебных издержек и иных расходов, вызванных обращением взыскания на Предмет залога, включая затраты по оформлению документов в регистрирующих органах, оплату комиссионных третьим лицам и прочие издержки и расходы Залогодержателя), оплата обязательств по досрочной уплате сумм основного долга и вознаграждения по основаниям,

Микрокредит шартымен белгіленген негіздер бойынша негізгі қарыздың және сыйақының сомаларын төлеуді мерзімінен ерте төлеу жөніндегі міндеттемелер, сонымен қатар, Микрокредит шартында және осы Шартта белгіленген барлық басқа жағдайлардағы шығындар кіреді.		установленным Микрокредитным договором, а также прочих (расходов) издержек во всех иных случаях, установленных в Микрокредитным договором и настоящем Договоре.
2.8. Кепіл беруші осы Шартқа қол қоюға және оны орындауға байланысты барлық шығындарды, сонымен қатар Кепіл беруші осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерінің кез-келгенін орындамаған және/немесе тиісіті дәрежеде орындамаудың нәтижесінде Кепіл ұстаушы көтеретін шығындарды көтереді, оның ішінде:		2.8. Залогодатель несет все расходы, связанные с подписанием и исполнением настоящего Договора, а также расходы, понесенные Залогодержателем в результате неисполнения и/или ненадлежащего исполнения Залогодателем любого из своих обязательств по настоящему Договору, в том числе:
• Кепіл зат бойынша анықтамаларды алу үшін төлем;		• оплату за получение справок по Предмету залога;
• автосалондардың және нотариустардың қызметі үшін төлем;		• оплату за услуги автосалонов и нотариусов;
• Кепіл затты бағалау (қайта бағалау) бойынша қызметтерді төлеу;		• оплату услуг по оценке (переоценке) Предмета залога;
• Микрокредит шартында көрсетілген сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларын төлеу жөніндегі шығындар;		• расходы по оплате страховых премий по договорам страхования указанных в Микрокредитном договоре;
• уәкілетті тіркеуші органда Кепіл затты мемлекеттік тіркеу жөніндегі шығындар;		• расходы по государственной регистрации Предмета залога в уполномоченном регистрирующем органе;
• тіркеуші органда ауыртпалықты жою жөніндегі шығындар, үшінші тұлғаларға комиссияны төлеу және т.с.с.;		• расходы по снятию обременения в регистрирующем органе, оплате комиссий третьим лицам и т.п.;
• Кепіл заттың болуы мен оның сақталуын жүргізу жөніндегі шығындар;		• расходы по проведению проверок наличия и сохранности Предмета залога;
• сауда-саттықтарды жүргізу жөніндегі шығындар және сауда-саттықтармен байланысты шығындар, Кепіл затқа сауда-саттықтарды жүргізу туралы хабарламаларды баспа беттерінде жариялау бойынша шығындарды, саудсаттықтарды ұйымдастыру үшін төлемдерді және т.с.с. қоса алғанда;		• расходы по проведению торгов и связанные с торгами расходы, включая расходы по публикации в печатных изданиях объявлений о проведении торгов на Предмет залога, оплату за организацию торгов и пр.;
• Кепіл затының қорғалатын ақылы тұрақтарда тұруына байланысты шығындар;		• расходы, связанные с нахождением Предмета залога на охраняемых платных стоянках;
• осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін Кепіл беруші орындау кезіндегі мәселелерді реттеу бойынша сапарға шыққан кездегі Кепіл ұстаушы қызметкерлерінің іс-сапардағы шығындары;		• командировочные расходы работников Залогодержателя при выездах по урегулированию вопросов исполнения Залогодателем своих обязательств по настоящему Договору;
• осы Шарт бойынша Кепіл берушінің міндеттемелеріне байланысты және Кепіл ұстаушыда пайда болған басқа шығындар және/немесе шығыстар.		• другие расходы и/или убытки, возникшие у Залогодержателя и связанные с обязательствами Залогодателя по настоящему Договору.
3. КЕПІЛ БЕРУШІНІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ		**3. ГАРАНТИИ, ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ЗАЛОГОДАТЕЛЯ**
3.1. Кепіл беруші төмендегілерге кепілдік береді және оны растайды:		3.1. Залогодатель гарантирует и подтверждает, что:
3.1.1. осы Шарт бойынша құқықтарды иеленуге және міндеттерді орындауға толық құқығы бар;		3.1.1. имеет полное право приобретать права и нести обязанности по Договору;
3.1.2. ортақ иеленуші тарапынан, қажет болған жағдайда - Шартты жасау және ол бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мемлекеттік органдар мен үшінші тұлғалар тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қажетті барлық ықпалшаралары, рұқсаттары және келісімдері бар;		3.1.2. имеет все необходимые в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан санкции, разрешения и согласия со стороны совладельцев, при необходимости – государственных органов и третьих лиц по заключению Договора и исполнению обязательств по нему;
3.1.3. жауапкер ретінде сот талқылауларына тартылмаған;		3.1.3. не вовлечен в судебные разбирательства в качестве ответчика;
3.1.4. ол Қазақстан Республикасы заңнамасының мүлікті кепілге беруге қойылатын барлық талаптарын сақтағанын. Мұндай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, олар Шартты жарамсыз деп тануға негіз болмайды;		3.1.4. им соблюдены все требования законодательства Республики Казахстан, предъявляемые к предоставлению в залог имущества. В случае допущения таких нарушений они не будут основанием для признания Договора недействительным;
3.1.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындауына кедергі болатындай, оның ішінде Кепіл затының жоғалау және/немесе бұзылу қаупінің пайда болу жағдайлары жоқ;		3.1.5. отсутствуют обстоятельства, влияющие на возможность отвечать по своим обязательствам по Договору, в том числе возникновение угрозы наступления гибели и/или повреждения Предмета залога;
3.1.6. оған Микрокредит шартының барлық талаптары, сондай-ақ Кепіл берушінің Шарттың талаптарын орындамауынан туындайтын зардаптар да белгілі;		3.1.6. ему известны все условия Микрокредитного договора, а также последствия неисполнения Залогодателем условий Договора;

3.1.7. Шарт жасалған күні кепілге берілетін мүлік үшінші тұлғалардың басқа міндеттемелері бойынша Кепіл заты болып табылмайды және үшінші тұлғалардың Кепіл ұстаушыға берілген Кепіл затына ешқандай шектеулері, ауыртпалықтары, құқықтары жоқ, кепілге берілетін ұсынылатын зат жеке пайдалануға арналған;	3.1.7. предоставляемое в залог имущество на день заключения Договора не является Предметом залога по другим обязательствам третьих лиц и не существует никаких ограничений, обременений, прав третьих лиц на Предмет залога, предоставленный Залогодержателю, предоставляемое в залог имущество предназначено для личного пользования;
3.1.8. Кепіл ұстаушыға Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Кепіл затын қайта бағалауды жүргізуге келісімін береді;	3.1.8. предоставляет согласие Залогодержателю на проведение переоценки Предмета залога в течение срока действия Договора;
3.1.9. Кепіл беруші қайтыс болған жағдайда осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оның құқықтық мирасқорларына өтеді;	3.1.9. в случае смерти Залогодателя права и обязанности по настоящему Договору переходят к его правопреемникам в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;
3.1.10. Кепіл ұстаушының алдындағы Микрокредит шарты және осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылау мен мониторингін жүзеге асыру үшін, Кепіл затына спутниктік мониторингтің (GPS) мүмкіндігімен және көлік құралының қозғалтқышын электрондық бұғаттаумен (жоғары және бұдан әрі - Жабдық) құрылғы орнатылады, онымен Кепіл беруші сөзсіз келіседі. Жабдық осы Жабдықты пайдалануға (пайда табусыз және т.с.с.), иеленуге (нақты иеленусіз) және/немесе билік етуге (иеліктен шығару мүмкіндігінсіз) Кепіл берушінің құқығынсыз көлік құралына орнатылады. Жабдық көлік құралының қозғалтқышын бұғаттауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді (бұдан әрі - Бұғаттау). Кепіл ұстаушы Микрокредит шарты және Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгенін Қарыз алушы/Кепіл беруші орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, сонымен қатар Кепіл затының жоғалу және/немесе бүліну/жойылу қаупі болған жағдайда бұғаттауды жүргізуге құқылы. Қозғалтқышты іске қосу Бұғаттауға әкеп соққан мән-жайлар жойылғаннан кейін жүргізіледі.	3.1.10. для осуществления контроля и мониторинга исполнения обязательств по Микрокредитному договору и настоящему Договору перед Залогодержателем, на Предмет залога устанавливается устройство с возможностью спутникового мониторинга (GPS) и электронной блокировки двигателя транспортного средства (выше и далее – Оборудование), с чем Залогодатель безусловно согласен. Оборудование устанавливается на транспортное средство без права Залогодателя на пользование (без извлечения выгоды и др.), владение (без фактического обладания) и/или распоряжение (без возможности отчуждения) данным Оборудованием. Оборудование позволяет осуществлять блокирование двигателя транспортного средства (далее – Блокировка). Залогодержатель вправе произвести блокировку в случаях неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком/Залогодателем любых обязательств по Микрокредитному договору и Договору, а также в случае риска утраты и/или повреждения/гибели/уничтожения Предмета залога Активация двигателя производится после устранения обстоятельств, повлекших Блокировку.
3.2. Кепіл беруші құқылы:	3.2. Залогодатель вправе:
3.2.1. егер Кепіл ұстаушы Шарттың 4.1.4, 4.1.5 тармақшаларында қарастырылған өзінің құқығын талап етпеген жағдайда, оның қолданылу мақсатына қарай Кепіл затын иелену және пайдалану, бұл ретте оның жай-күйінің нашарлауына жол бермеу;	3.2.1. владеть и пользоваться Предметом залога в соответствии с его назначением, не допускать при этом ухудшения его состояния, если Залогодержатель не предъявит свое право, предусмотренное п.п. 4.1.4, 4.1.5 Договора;
3.2.2. Кепіл ұстаушының келісімімен, Микрокредит шартымен көзделген тәртіпте, Кепіл затымен қамтамасыз етілген міндеттеменің бір бөлігін немесе толық көлемде мерзімінен бұрын орындау;	3.2.2. по согласованию с Залогодержателем, в порядке, предусмотренном Микрокредитным договором, досрочно исполнить обязательство, обеспеченное Предметом залога, в части либо в полном объеме;
3.2.3. Кепіл затынан өндіріп алуды, оны өткізгенге дейін кез келген уақытта кепілмен қамсыздандырылған міндеттемелерді толық төлемге немесе орындау мерзімі кешіктірілген бөлігін орындау арқылы тоқтатуға.	3.2.3. прекратить обращение взыскания на Предмет залога в любое время до его реализации, посредством исполнения, обеспеченного залогом обязательства в полном объеме или той его части, исполнение которой просрочено.
3.3. Кепіл берушінің міндеттері:	3.3. Залогодатель обязан:
3.3.1. Кепіл затын оның нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану. Кепіл затының нысаналы мақсатын өзгертуді Кепіл ұстаушының жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жүргізу;	3.3.1. использовать Предмет залога в соответствии с его целевым назначением. Производить изменение целевого назначения Предмета залога только при условии письменного согласия Залогодержателя;
3.3.2. Кепіл ұстаушыға Кепіл затына тікелей немесе жанама қатысы бар немесе қатысы болатын, оның ішінде олардың жоғалу, бұзылу немесе олардың пайда болу қаупі болатын және үшінші тұлғаның Кепіл берушіге табыс ететін кез келген өкімді, нұсқауды, жазбаша талапты немесе кез келген басқа құжатты тез арада ұсыну;	3.3.2. немедленно предъявлять Залогодержателю любое распоряжение, указание, письменное требование или любой другой документ, который прямо либо косвенно имеет отношение, либо будет иметь отношение к Предмету залога, в том числе, касающиеся утраты, повреждения или угрозы их возникновения, и вручен Залогодателю третьим лицом;
3.3.3. Кез келген төлемді төлеу, Кепіл затына немесе оның кез келген бөлігіне қатысты барлық міндеттемелерді орындау және сақтау, Кепіл ұстаушыға оның бірінші талабы бойынша олардың орындалуы мен сақталуы растамасын ұсыну;	3.3.3. выплачивать любые платежи, выполнять и соблюдать все обязательства, касающиеся Предмета залога или любой его части, предъявлять Залогодержателю по первому требованию подтверждения их выполнения и соблюдения;
3.3.4. Кепіл затын Кепіл ұстаушының жазбаша келісімінсіз қайта кепілге бермеу, сатпау, және кез-келген басқа үлгіде иеліктен шығармау, сонымен қатар, осындай	3.3.4. не перезакладывать, не продавать, и не отчуждать в любой иной форме Предмет залога, а также не совершать деяний, которые могут повлечь такое отчуждение без

иеліктен шығаруға, Кепіл затының кенеттен жойылуынае (зақымдалуына) алып келетін әрекеттерді жасамау;		письменного согласия Залогодержателя, нести риск случайной гибели (повреждения) Предмета залога;
3.3.5. Шарттың 3.1.3, 3.1.5 - тармақшаларында қарастырылған жағдайдың кез келгені басталған жағдайда, ол туралы Кепіл ұстаушыға осындай жағдай басталған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде жазбаша хабарлау;		3.3.5. при наступлении любого из обстоятельств, предусмотренных п.п.3.1.3, 3.1.5 Договора, письменно уведомить об этом Залогодержателя в течение 3 (трех) календарных дней с момента наступления таких обстоятельств;
3.3.6. Кепіл ұстаушыға, сонымен қатар Кепіл ұстаушыдан үшінші тұлғаларға Шарттың талаптарының сақталуын, болуын және жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға кедергі болмау. Осындай тексеру шығындары Кепіл берушіге жүктеледі;		3.3.6. не препятствовать Залогодержателю, а также третьим лицам от Залогодержателя в осуществлении контроля за соблюдением условий Договора и проверки сохранности, наличия, состояния Предмета залога. Расходы по таким проверкам относятся на Залогодателя;
3.3.7. Кепіл ұстаушы Кепіл затынан ақы өндіріп алған жағдайда, сауда-саттықтың белгіленгені туралы хабарлама алған сәттін бастап, Кепіл затына кіру үшін кілттерді және басқа қажетті жабдықтарды Кепіл ұстаушыға беру, сонымен қатар, Кепіл затынан өндіріп алу бойынша тиісті рәсімдерді өткізуіне кедергі жасамау;		3.3.7. при обращении Залогодержателем взыскания на Предмет залога, с момента получения уведомления о назначении торгов передать Залогодержателю Предмет залога с ключами и иным необходимым оборудованием для доступа к Предмету залога, а также не препятствовать проведению соответствующих процедур по обращению взыскания на Предмет залога;
3.3.7.1. Микрокредит шарты және/немесе осы Шарты бойынша өзінің міндеттемелерінің кез-келгенін Кепіл беруші орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, сонымен қатар, егер Кепіл ұстаушының Кепіл беруші Микрокредит шарты және/немесе осы Шарты бойынша міндеттемелерін орындамайды деп қауіптенуге негізі болса, сондай-ақ, Кепіл затты жоғалтып алуға қауіп төнсе Кепіл затын Кепіл ұстаушыға кепілге табыстау. Кепіл затын Кепіл ұстаушыға кепілге берумен қатар, Кепіл беруші Кепіл затқа кедергісіз қолжетімділік үшін қажетті кілттерді, салпыншақтарды, пульттерді және/немесе басқа құрылғылар мен заттарды, оны пайдалану, иелену және иелік ету үшін құжаттардың толық жинағын (оның ішінде көлік құралын тіркеу туралы куәлік, көлік құралының техникалық бақылаудан өткендігін растайтын құжаттар, сатып алу-сату шарты, Кепіл берушінің Кепіл затқа меншік құқығының пайда болғандығын растайтын басқа шарттар/құжаттар) беруге және Кепіл ұстаушының немесе оның өкілінің ауызша хабарламасын алған уақыттан бастап 2 сағаттың ішінде Кепіл затты қабылдау-беру актісіне қол қою міндеттеледі. Кепіл затты кепілге өз еркімен беруден бас тартқан жағдайда, жоғарыда аталған жағдайлар орын алған кезде Кепіл ұстаушы Кепіл затты Кепіл берушіні қосымша ескертпей (хабарландырмай) алуына құқылы. Кепілге алынатын Кепіл заттың жай-күйі Кепіл ұстаушымен жүзеге асырылған бейне түсіріліммен расталуы мүмкін. Кепіл затты берген уақыттан бастап Кепіл беруші Микрокредит шарты бойынша өзінің міндеттемелерін толық орындағанға дейін көлік құралын пайдалану (жүргізу) құқығынан айырылады.		3.3.7.1. передать Предмет залога в заклад Залогодержателю в случае неисполнения или ненадлежащего Залогодателем любого из своих обязательств по Микрокредитнолму договору и/или настоящему Договору, а также в случае если у Залогодержателя есть основания полагать, что имеется риск неисполнения Залогодателем обязательств по Микрокредитному договору и/или настоящему Договору, а также имеется риск утраты Предмета залога. Вместе с передачей Предмета залога в заклад Залогодержателю Залогодатель обязуется передать ключи, брелки, пульты и /или иные устройства и приспособления, необходимые для беспрепятственного доступа к Предмету залога, его использования, владения и распоряжения им, полный комплект документов (в том числе свидетельство о регистрации транспортного средства, документы, подтверждающие прохождение технического осмотра транспортного средства, договор купли-продажи, иные договоры/документы, подтверждающие возникновение права собственности Залогодателя на Предмет залога) и подписать акт приема-передачи Предмета залога в течение 2-х часов с момента получения устного уведомления Залогодержателя или его представителя. В случае отказа добровольно передать Предмет залога в заклад, при наступлении вышеуказанных обстоятельств, Залогодержатель вправе изъять Предмет залога в заклад без дополнительного предупреждения (извещения) Залогодателя. Состояние изымаемого в заклад Предмета залога может быть подтверждено видеосъемкой, осуществленной Залогодержателем. С момента передачи Предмета залога Залогодатель утрачивает право пользования (вождения) транспортным средством до полного исполнения своих обязательств по Микрокредитному договору.
3.3.8. Кепіл ұстаушымен талап қойылған сәттен бастап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде Кепіл ұстаушыға ол сұраған барлық құжаттарды және Кепіл затқа қатысты ақпаратты, сонымен қатар, Шарт бойынша Кепіл ұстаушының құқықтарын жүзеге асыру үшін анықтамаларды, сенімхаттарды және құжаттарды, келесілерді қоса отырып, бірақ олармен шектелмей: Микрокредит шарты бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамаған немесе орындамаған жағдайда Кепіл ұстаушыға Кепіл затын беру жөніндегі барлық қажетті құжаттарды қол қоя отырып ұсыну;		3.3.8. в течение 2 (двух) рабочих дней с момента предъявления требования Залогодержателем предоставить Залогодержателю все запрашиваемые последним документы и информацию, касающиеся Предмета залога, а также справки, доверенности и документы для осуществления прав Залогодержателя по Договору, включая, не ограничиваясь подписанием всех необходимых документов по передаче Предмета залога Залогодержателю в случаях неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств по Микрокредитному договору;
3.3.9. Кепіл затының нарықтық құны азайған жағдайда Кепіл ұстаушының талап етуі бойынша Кепіл ұстаушы алдын-ала мақұлдаған, Кепіл берушінің міндеттемелерін өтеуге жеткілікті сомаға қосымша мүлікті кепілге беру,		3.3.9. в случае уменьшения рыночной стоимости Предмета залога по требованию Залогодержателя предоставить в залог дополнительное имущество, предварительно одобренное Залогодержателем, на сумму достаточную для покрытия

немесе Микрокредит шартыі бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау;		обязательств Залогодателя, либо досрочно исполнить обязательства по Микрокредитному договору;
3.3.10. Кепіл затын мәжбүрлі соттан тыс тәртіпте сату үшін осы Шартқа сәйкес Кепіл ұстаушыға кепіл затын табыстау, және Кепіл затын сату кезінде кез-келген нысанда карсы әрекет жасамау;		3.3.10. для реализации Предмета залога в принудительном внесудебном порядке в соответствии с настоящим Договором передать Залогодержателю предмет залога, и не противодействовать Залогодержателю в любой форме при реализации Предмета залога;
3.3.11. талаптарды алған уақыттан бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде осы Шарттың және Микрокредит шартының орындалуына және қол қойылуына байланысты шығындарды, сонымен қатар, Шарт бойынша және Микрокредит шарты бойынша өз міндеттемелерінің кез-келгенін Кепіл беруші орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда Кепіл ұстаушыға төлеу.		3.3.11. оплатить Залогодержателю в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента получения требования все расходы, связанные с подписанием и исполнением настоящего Договора и Микрокредитного договора, а также понесенные Залогодержателем в результате неисполнения и/или ненадлежащего исполнения Залогодателем любого из своих обязательств по Договору и Микрокредитному договору.
3.3.12. Кепіл ұстаушының Шартпен карастырылған барлық талаптарын орындау.		3.3.12. выполнять иные требования Залогодержателя, предусмотренные Договором
3.3.13. Осы шарттың 4.1.9. тармақшасында көрсетілген жағдайларда Кепіл мәнінен айырылған жағдайда, Қарыз алушы/Кепіл беруші міндеттенеді:		3.3.13. При Утрате предмета залога в случаях, указанных в подпункте 4.1.9. Настоящего договора Заемщик/Залогодатель обязуется:
